

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
2023 жылғы «05» желтоқсан
№ 23-4551-2

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Төрағасының
2023 жылғы «28» желтоқсандағы
№ 259 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1-бөлім. Миссия және пайымдау

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) миссиясы баға тұрақтылығын және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.

Ұлттық Банктің пайымдауы: Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған және қаржылық тұрақтылыққа жәрдем көрсететін тәуелсіз тиімді ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу.

2-бөлім. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен нысаналы индикаторлары

Ұлттық Банк мынадай басымдықтарды белгілей отырып, 5 негізгі бағыт бойынша қызметін жүзеге асырады:

1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету.

1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу.

2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару.

2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу және валюталық бақылау.

3-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – БЖЗҚ) зейнетақы активтерін тиімді басқару.

3.1-мақсат. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді сақтауды қамтамасыз ету.

3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляциядан артуы.

4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту.

4.1-мақсат. Қаржы нарығына қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу.

4.2-мақсат. Цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру.

5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі.

5.1-мақсат. Зерттеу қызметін дамыту.

1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу

Ақша-кредит саясатын дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, атап айтқанда, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, сондай-ақ Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 5 наурыздағы № 26 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясында (бұдан әрі – Стратегия) айқындалады.

Ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып қала береді. Стратегияға сәйкес инфляция бойынша орта мерзімді бағдар 5%-ға жақын деңгейде белгіленген. Оған біртіндеп қол жеткізіледі және кейіннен осы деңгейде ұсталып тұратын болады.

Экономикаға уақытша ықпал ету лагтарын ескере отырып, Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын жүргізу жөніндегі шаралары инфляциялық процестерді тұрақтандыруға және инфляцияны орта мерзімді перспективада нысаналы көрсеткішке жақындатуға бағытталған.

Ұлттық Банк валюталық саясаты шеңберінде сыртқы күтілмеген өзгерістердің әсерін ретке келтіруге, сондай-ақ ел экономикасында теңгерімсіздіктер қалыптасуының алдын алуға мүмкіндік беретін икемді бағам белгілеуді ұстанатын болады.

Коммуникациялық саясатты жүргізу кезінде ашықтық пен есептілік қағидаттары сақталатын болады.

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу негіздерін одан әрі нығайту үшін өзінің институционалдық және операциялық тәуелсіздігі қағидаттарын ескере отырып, ақша-кредит саясатын әзірлеп, жүргізетін болады. Институционалдық тәуелсіздік «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) бекітілген. Заңға сәйкес Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын айқындайтын және жүзеге асыратын жалғыз орган болып табылады. Заңның 21-бабына сәйкес өкілді және атқарушы билік органдары Ұлттық Банктің заңнамаларда бекітілген, оның ішінде ақша-кредит

саясаты мәселелері бойынша өкілеттіктерін іске асыру бойынша қызметіне араласуға құқығы жоқ.

Қаржы жүйесінің жұмыс істеуінің нарықтық қағидаттарын, экономиканың теңгерімді дамуын қамтамасыз ету және инфляциялық, бағамдық қысымға байланысты ондағы теңгерімсіздіктерге жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк бұдан былай өз мандатын қатаң ұстана отырып және экономиканы эмиссиялық қаржыландыруға жол бермей, қолданыстағы жеңілдікті кредиттеу бағдарламаларынан шығуды қысқарту жөніндегі жұмысты жалғастырады. Ұлттық Банктің экономиканы қаржыландыруы баланста шығын түрінде көрсетіледі. Сондықтан ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру үшін экономиканы қаржыландырудың кез келген түрін алып тастау маңызды.

Экономиканы қаржыландыруды болдырмау жөніндегі жұмыс шеңберінде Ұлттық Банк мүмкіндік болған кезде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын өз портфелінен өткізуге ұмтылады. Осылайша, Ұлттық Банк әртүрлі макроэкономикалық күтілмеген өзгерістердің әсерінен туындайтын ұзақ мерзімді үрдістерден ауытқуларды реттей отырып, тұрақтылыққа және орнықты экономикалық өсуге қол жеткізуге ықпал ететін тәуелсіз ақша-кредит саясатын нығайтуға күш-жігерін бағыттайтын болады.

Мемлекеттік органдардың үйлестірілген және жүйелі макроэкономикалық саясат жүргізуі Ұлттық Банктің инфляцияны төмендету және тұрақтандыру жөніндегі күш-жігеріне қолдау көрсетеді.

Ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметінен экономикалық саясатта сапалы өзгерістерді, құрылымдық реформаларды және нарықтық экономика қағидаттарының күшейтілуін күтеді. Экспортты әртараптандыру және импортқа тәуелділікті төмендету есебінен мұнайға жатпайтын сауда балансының тапшылығын төмендету экономиканың сапалы және орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Теңгерімді фискалдық саясатты жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2023 жылдан бастап қолданылатын бюджеттік ережені әзірледі. Бюджеттік ереже Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен регламенттелген және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшерін шектеуге және республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынын шектеуге бағытталған екі элементтен тұрады. Бюджеттік ережені сақтау мемлекеттік қаржының теңгерімділігіне, бюджеттік саясаттың контрциклдік сипатын қамтамасыз етуге, мұнайға жатпайтын тапшылықты төмендетуге, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының активтерінің сақталуын және жинақталуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді, бұл ұзақ мерзімді перспективада экономиканың орнықтылығын арттырады.

Макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің іс-қимылдарын үйлестірудің негізі болып табылады.

2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу

1. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу шеңберінде Ұлттық Банк қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерінің мониторингін және бағалауды жүзеге асырады.

Бұл міндетті тиімді іске асыру ақша-кредит және фискалдық саясатты үйлестіру, қаржы секторын реттеу және қадағалау үшін Ұлттық Банктің басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы кезінде мүмкін болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыруды жалғастырады. Қаржы секторында не оның жекелеген сегментінде тәуекелдердің жинақталуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының Қаржы тұрақтылығы жөніндегі кеңесінде ақпарат және қажетті шараларды әзірлеу үшін тиісті тәуекелдерді талқылау ұйымдастырылатын болады.

Геосаяси тәуекелдер күрделеніп тұрған кезеңде орын алып жатқан жүйелік тәуекелдер мен теңгерімсіздіктерді уақтылы сәйкестендіру және оларды барынша азайту шараларын іске асыру аса маңызды болып тұр. Осыған байланысты Ұлттық Банк тәуекелдерді бағалаудың ақпараттық-талдамалық құралдарын күшейту және макропруденциялық құралдарды ендіру қажеттілігіне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты жалғастырады. Банк секторының тұрақтылығына макроэкономикалық факторлардың әсерін бағалау мақсатында Ұлттық Банк біріктірілген деректер негізінде банк секторын макроэкономикалық стресс-тестілеу әдіснамасын жетілдіру жөніндегі жұмысты да жалғастырады. Макропруденциялық саясатты құру шеңберінде Ұлттық Банк жыл сайын меншікті капиталдың жеткіліктілігіне тиісті талаптарды қолдана отырып, қаржы институттарын талдау, сәйкестендіру және жүйелік маңызы бар қаржы институттарының тізіміне жатқызу жөнінде жұмыс жүргізеді.

Жағымсыз ішкі және сыртқы күрт өзгерістерге байланысты белгісіздік жоғары болып тұрған кезеңде Ұлттық Банк банктер өтімділігінің күтпеген өзгерістерінің тәуекелдерін азайтуға көп көңіл бөліп отыр. Осы мақсат үшін Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп уақытша өтімділік тапшылығына ұшыраған төлемге қабілетті банктерді қолдауға бағытталған соңғы сатыдағы қарыздарды беру тетігін дамытады.

Ұлттық Банк сенімді қолдау және салымшылардың кетуінің жүйелік тәуекелін төмендету тетігінің ажырамас бөлшегі ретінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қолдау бойынша жұмысты жалғастырады. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының депозиторлардың мүдделерін қорғау және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз

етуге жәрдемдесу функцияларын орындауы барысында арнайы резерв жеткіліктілігін қамтамасыз ету айқындаушы рөлді атқарады.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бірлесе отырып қор нарығының әлеуетін, оның ішінде халықаралық нарықтарда жаһандану, инфрақұрылымды жақсарту және биржалық институттарды дамыту арқылы арттыру жұмысын жалғастырады.

2. Тиімді валюталық реттеу және валюталық бақылау

Қазақстан Республикасы 1996 жылы Халықаралық Валюта Қоры Келісімінің Баптарына қосылды, соған сәйкес Қазақстан сыртқы экономикалық мәмілелерді еркін жүзеге асыруды көздейтін либералды валюта режимі қағидаттарын ұстанады және азаматтар мен бизнес субъектілеріне қосымша жүктеме артпай, интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға мүшелік шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Резиденттердің сыртқы экономикалық операциялары шетел валютасына ішкі ұсыныс пен сұранысының негізгі көзі болып табылады, сондықтан валюталық бақылау шеңберінде бейрезиденттердің валюталық келісімшарттар бойынша міндеттемелерін орындауына және резиденттердің контрәріптестерден алынуы тиіс ақшаны елге репатриациялау (қайтару) талабын орындауына мониторинг жүргізуге ерекше назар аударылады.

Шетелден капиталды қайтаруды ынталандыру және резиденттердің сыртқы экономикалық операциялары бойынша ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимыл шараларын күшейту үшін 2022 жылы Ұлттық Банк бастамашы болған экспорттық-импорттық валюталық бақылау тетігін жетілдіру шеңберінде шаралар іске асырылады, соған сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарттарға қатысты ұлттық және (немесе) шетел валютасын шетелге репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау функциялары беріледі және олар сол функцияларды орындайды.

Валюта нарығының жай-күйін талдау шеңберінде Ұлттық Банк деректерді талдау құралдарын дамытумен және жетілдірумен, оның ішінде шетел валютасын сатып алу-сату операциялары, трансшекаралық операциялар ағындары бойынша валюта операцияларының мониторингін жалғастырады.

Қойылған міндеттер тұрғысынан қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының жүктелген талаптарын тиісінше орындауы маңызды. Осыған байланысты, Ұлттық Банк уәкілетті банктерге (валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша жүргізетін Қазақстан Республикасында құрылған банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік банктердің филиалдарына) қатысты валюталық бақылауды,

оның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық операциялары мен халықаралық қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша ақпараттық базаны қамтамасыз ету мақсатында тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізу жолымен күшейтеді. Ұлттық Банк тексеру нысанында және өзге бақылау нысандарында уәкілетті банктерге қатысты бақылауды күшейтеді және 2021 жылдан бастап тәуекел дәрежесін бағалау негізінде уәкілетті банктердің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарын тиісінше сақтауы жөніндегі мәселелер бойынша өз бетінше тексеру жүргізеді. Тексеру субъектілердің қызметін реттеу мен бақылаудың тиімді жүйесін енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, онда субъектілер валюталық реттеу мен бақылаудың негізгі органы ретінде Ұлттық Банктің талаптарын орындауды қамтамасыз ете алады.

Ұлттық Банк жыл сайын уәкілетті банктердің жалпы санынан 10%-дан астам мөлшерде тексеруді жүзеге асырады. Қолма-қол шетел валютасының ішкі нарығын тұрақтандыру шеңберінде уәкілетті ұйымдардың (қызметін Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың) Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын сақтауын бақылау жұмысы жалғасады. 2024 жылдан бастап Ұлттық Банк тәуекелдер дәрежесін бағалау негізінде жыл сайын уәкілетті ұйымдардың кемінде 30%-на тексеру (жоспарлы) жүргізетін болады.

3-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін және БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелі активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді сақтауды қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құрудың негізгі мақсаты болашақ ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыру арқылы қаржы ресурстарын сақтау және көбейту болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатын үнемдеу үшін шаралардың бірі ретінде, атап айтқанда, маңызды инфрақұрылымды дамытуға және жалпыұлттық маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған жобаларды және квазимемлекеттік сектор жобаларын қаржыландыру кезінде оның қаражатын пайдалануға неғұрлым орынды тәсіл үшін Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Үкіметімен және Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен бірлесе отырып жобаларды талдау мен бағалау, сондай-ақ баламалы қаржыландыру көздерін тарту бойынша жан-жақты тетікті әзірлеу жұмысын жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының табыстылығын ұзақ мерзімді перспективада тәуекелдің орташа деңгейі кезінде активтерді консервативтік стратегиялық бөлуге қатысты 1%-ға арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді

стратегиялық бөлуді қолдау жоспарланып отыр, бұл қордың табыстылығына барынша оң үлес қосады. Бұл өтімділікке шектеулі қажеттілік Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтері құнының елеулі ауытқу кезеңін еңсеруге және кепілге қойылған пайда алу үшін инвестициялауды жалғастыруға көмектесетін ұзақ мерзімді инвестициялық келешектің артықшылықтарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық Банк жинақ портфелінің активтер сыныптарының үлестерін мына түрде ұстауды жоспарлауда:

дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі – 18-24%;

корпоративтік облигациялар портфелі – 7-13%;

дамыған елдер акцияларының портфелі – 27-33%;

балама құралдар портфелі – 2-8%;

алтын портфелі – 2-8%.

Активтерді теңгерімді стратегиялық бөлу қайта теңгерімдеу жөніндегі қағидаларды тәртіпті іске асыру (нысаналы үлестерге қайтару) жолымен қолдау көрсетіледі. Портфельдерді қайта теңгерімдеу теңгерімді стратегиялық бөлу активтері сыныбының үлесі оның шекті мәнінің 3%-дан жоғары нысаналы салмағынан ауытқыған жағдайда жыл сайынғы негізде жүргізіледі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша есепті жылдан кейінгі бірінші тоқсанның соңына дейін жыл сайынғы негізде қайта теңгерімдеуді жүргізу практикасы енгізіледі, ол нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында бекітілетін болады.

2. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляциядан артуы

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушылардың бірі ретінде валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының әр түріне инвестицияларды көздейтін теңгерімді инвестициялық саясатты жүзеге асыруды жалғастырады. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау нарықтық талаптарда жүзеге асырылатын болады, бұл зейнетақы жинақтарының әділ табыстылығын қамтамасыз етеді.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін әртараптандыру мақсатында ұзақ мерзімді кезеңде валюталық ұстанам үлесін кемінде 30% деңгейінде ұстау жоспарлануда, бұл инвестициялар географиясын және қаржы құралдарының спектрін кеңейту есебінен инвестициялық портфельдің сапасы мен өтімділігін арттыруға, сондай-ақ БЖЗҚ зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Ұлттық Банк жаһандық акциялар, дамыған және дамушы елдердің облигациялары, инвестициялық деңгейдегі эмитенттердің корпоративтік облигациялары сияқты активтердің негізгі шетелдік сыныптарына инвестицияларды көздейтін Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 36-

бабына сәйкес әзірленген БЖЗҚ инвестициялық декларациясында белгіленген стратегиялық бөлуге сәйкес БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін сыртқы нарықтарға инвестициялауды, оның ішінде оның ішінде шетелдік басқарушы компанияларды тарту есебінен жалғастырады.

4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту

1. Қаржы нарығына қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу

Қазақстанның қаржы нарығы цифрлық трансформация процесінде тұр, тұтынушыға цифрлық сервистерді құруға назар аударып отыр.

2022 жылы инновацияларды дамытудың тиімділігі, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың ұсыныстарын қарау үшін бірыңғай аландар құру мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілдерімен бірлесіп Ұлттық Банктің Төрағасы орынбасарының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 272 бұйрығымен бекітілген реттеудің ерекше режимін дамыту жөніндегі жұмыс тобын құрды. Қаржы секторы үшін реттеу ортасы тетігін дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде өтінімдерді жинау мен өндеудің «бірыңғай терезесін» (Бірыңғай терезе) іске асыру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту және т.б. сияқты бірқатар инфрақұрылымдық және ұйымдастырушылық іс-шаралар жүргізілетін болады.

Ұлттық Банк жанындағы қаржы технологиялары нарығында инновацияларды ынталандыру шеңберінде қаржы нарығына қатысушылармен жедел өзара іс-қимыл жасау және бірлесіп шешім қабылдау үшін жұмыс топтарының қызметі жалғастырылатын болады.

Қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру шеңберінде қаржы нарығына қатысушылардың қызметін бақылау мен қадағалаудың тиімділігін арттыру үшін реттеушінің және қадағалау технологияларының (SupTech) талаптарын орындаудың тиімділігін арттыру үшін қаржы ұйымдары пайдаланатын реттеушілік технологияларды (RegTech) жүйелі дамыту Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің жаңартылған цифрлық форматта жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің 2024-2026 жылдарға арналған және банк секторының 2024-2028 жылдарға арналған инфрақұрылымының істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету мақсатында геобөлінген деректерді өңдеу орталықтарына (негізгі деректерді өңдеу орталығында табиғи немесе техногендік апат болған жағдайда, деректерді өңдеу орталықтарын географиялық бөлу және резервтік деректерді өңдеу орталығында қалпына келтіру арқылы ақпараттық жүйелер қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін) көшуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарланды.

2. Цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру

2022 жылы Ұлттық Банк Ұлттық төлем жүйесінің жаңа құрауыштарын (Лездік төлемдер жүйесі (ЛТЖ) және Банкаралық төлем карточкалары жүйесін (БТКЖ) енгізді және олардың сервистерін масштабтау бойынша жұмыстар жүргізуде.

Ұлттық Банк 2024-2025 жылдары қаржы институттарының операциялық өзара іс-қимылы үшін интеграцияланған «цифрлық» орта құру арқылы ұлттық төлем жүйесінің базасында жаңа төлем сервистерін және оларды көрсету стандарттарын дамыту жоспарлады.

Қазақстан Республикасында Open API және Open Banking дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №306, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №580 және Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 330/НҚ бірлескен бұйрығымен бекітілді.

Қаржы нарығына қатысушылардың жедел және қауіпсіз өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша одан әрі технологиялық даму мақсатында 2024-2025 жылдарға жоспарланған Тұжырымдамада көзделген іс-шараларды іске асыру, ашық интерфейстер стандарттарын одан әрі әзірлеу, Open API-ды пайдалана отырып пилоттық жобаларды жүргізу, Open API және Open Banking үшін нормативтік құқықтық базаны бекіту жұмысы жалғастырылатын болады. Ашық банкинг шеңберінде теңдестірілген инновациялық ортаны құру үшін Open API кешенді технологиялық инфрақұрылым әзірленетін болады.

Қаржы секторының осы цифрлық саласын дамыту Open API негізінде жаңа қаржылық қызметтер мен өнімдердің, бизнес-модельдердің пайда болуына және техникалық инфрақұрылымды одан әрі оңтайландыруға ықпал ететін болады.

Ұлттық Банк қолма-қол ақшасыз төлемдердің қолжетімділігін арттыру, инновациялық қаржы өнімдерін құруды ынталандыру, жылдамдықты арттыру және 2025 жылға дейінгі мерзімде трансшекаралық есеп айырысу шығасыларын төмендету шеңберінде цифрлық теңгені толық өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді жоспарлап отыр.

Аталған шараларды іске асыру жөніндегі жүйелі жұмыс елдің ішкі есеп айырысуларының үздіксіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономика субъектілері арасында төлемдердің өтуін жеделдетуге, төлем нарығына қатысушылардың жиынтық шығасыларын азайтуға мүмкіндік береді, бұл, нәтижесінде, қолма-қол ақшасыз төлемдердің көбеюіне, халық пен бизнес үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға алып келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті функциясын жүзеге асыру шеңберінде Ұлттық Банк экономика субъектілерінің қолма-қол ақшаға деген қажеттілігін

қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыруды, банкноттардың, монеталар мен құндылықтардың резервтік мемлекеттік қорларын құруды, сондай-ақ ұлттық валютаның ақша белгілерін қорғаудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етуді жалғастырады.

Ұлттық Банк коллекциялық және инвестициялық монеталар нарығын дамыту мақсатында монеталарды дайындау технологияларының жаңа түрлерін қолдануды жоспарлап отыр.

5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі

1. Зерттеу қызметін дамыту

Зерттеулер Ұлттық Банктің қызметінде іргелі рөл атқарады, шешімдер қабылдау үшін талдамалық құралдар ұсынады және қазақстандық және әлемдік экономиканың өзекті мәселелері мен даму перспективаларын терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеулер Ұлттық Банктің институционалдық беделін нығайтады, мүдделі тараптармен тиімді байланыс орнатады және сол арқылы Ұлттық Банктің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Қабылданатын саяси шешімдердің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банктің зерттеу жұмысы Ұлттық Банктің интернет-ресурсында жарияланған Ұлттық Банктің зерттеу бағдарламасында белгіленген міндеттер шеңберінде жүргізілетін болады және қызметтің стратегиялық бағыттары мен экономиканың басқа да өзекті мәселелерін қамтитын болады.

Сыртқы әріптестік Ұлттық Банктің зерттеу стратегиясының негізгі бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында зерттеу әлеуетін жұмылдыру және дамыту мақсатында Ұлттық Банк академиялық қоғамдастыққа зерттеу гранттарын беруді, отандық ғылыми қоғамдастықпен, сондай-ақ шетелдік зерттеу институттарымен, орталық банктермен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуді жалғастырады.

Ұлттық Банк қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұртшылықтың хабардарлығын арттыру шеңберінде зерттеу нәтижелері Ұлттық Банктің тұрақты жарияланымдарында, оның ішінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» басылымында, Қаржылық тұрақтылық туралы есепте, Ақша-кредит саясаты туралы баяндамада, Ұлттық Банктің жұмыс мақалаларында жарияланады, сондай-ақ ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылатын болады.

№	Нысаналы индикатор	Жауапты адамдар	Өлшем бірлігі	Дерек 2022 жыл	Жоспар 2023 жыл	Дерек 2023 жыл	Жоспарлы кезең				
							2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету											
1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу											
1	Инфляция деңгейі, %	А.М. Баймағамбетов, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	%	20,3%	9,3-10,3% ¹		7,5-9,5% ¹	5,5-7,5% ¹	5%	5%	5%
2	Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсыныстарынан жоғары)	Ә.М. Молдабекова, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	тауарлар мен қызметтер импорты айларында	7,0 ай	кемінде 5 ай		кемінде 5 ай	кемінде 5 ай	кемінде 5 ай	кемінде 5 ай	кемінде 5 ай
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу											
2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару											
3	Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі	А.М. Баймағамбетов, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	%	5,7%	5-10%		5%-10%	5-10%	5-10%	5-10%	5-10%
2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу және валюталық бақылау											
4	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын уәкілетті банктердің үлесі	В.А. Тутушкин, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары – Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты	%	32,14%	кемінде 10%		кемінде 10%	кемінде 10%	кемінде 10%	кемінде 10%	кемінде 10%

¹ 2023-2025 жылдарға 2023 жылғы қарашадағы болжамды раундтың қорытындысы бойынша инфляция болжамы көрсетілген

		өкілдігінің Басшысы									
5	Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі	Д.В. Вагапов, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	%	60,2%	кемінде 40%		кемінде 30%	кемінде 30%	кемінде 30%	кемінде 30%	кемінде 30%
3-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтері мен БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару											
3.1-мақсат. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлудің сақталуын қамтамасыз ету											
6	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді қолдау (қайта теңгеру ²)	Ә.М. Молдабекова, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	%								
6.1	Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі			20,85%	18-24%				18-24%		
6.2	Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі			9,89%	7-13%				7-13%		
6.3	Дамыған елдер акциялары портфелінің үлесі			30,00%	27-33%				27-33%		
6.4	Балама құралдар портфелінің үлесі			0%	2-8%				2-8%		
6.5	Алтын портфелінің үлесі			4,99%	2-8%				2-8%		
3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляциядан артуы											
7	БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық мәнде соңғы 10 жылда инфляциядан ауытқуы, %	Ә.М. Молдабекова, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	%	0,14% ³	0-1%				0-1%		

² Қайта теңгеру есепті жылдан кейінгі бірінші тоқсанның соңына дейін жүргізіледі

³ Соңғы 9 жылда, себебі зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру 2014 жылы аяқталды

4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржы технологияларын дамыту												
4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу												
8	Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициенті	Б.Ш. Шолпанқұлов, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	%	100%	кемінде 90%		кемінде 90%	кемінде 90%				
4.2-мақсат. Цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру												
9	Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері	Б.Ш. Шолпанқұлов, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары	бөлшек сауданың жалпы көлеміне %	83,1%	кемінде 76%		кемінде 77%	кемінде 78%	кемінде 78,5%	кемінде 79%	кемінде 79,5%	
5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі												
5.1-мақсат. Зерттеу қызметін дамыту												
10	Монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерін жариялау	В.А. Тутушкин, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары – Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің Басшысы	жарияланымдар саны (working papers, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» шығарылымындағы, академиялық журналдар	20	кемінде 20		кемінде 20	кемінде 20	кемінде 20	кемінде 20	кемінде 20	

			ағы мақалалар және басқалары)								
11	Зерттеулер жүргізуге қаржыландыруды ұсыну	В.А. Тутушкин, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары – Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің Басшысы	саны (зерттеу гранттары және басқалары)	4	кемінде 4		кемінде 4	кемінде 4	кемінде 4	кемінде 4	кемінде 4

Ұлттық Банк қызметінің стратегиялық бағыттары бойынша ағымдағы ахуалды, негізгі проблемалар мен тәуекелдерді талдау Ұлттық Банктің жыл сайынғы жылдық есебін қалыптастыру шеңберінде жүргізіледі.